

**Шет аудандық мәслихатының 2018 жылғы 5 мамырдағы XXI сессиясының "Тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелерін белгілеу туралы" № 21/180 шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қарағанды облысы Шет аудандық мәслихатының 2018 жылғы 4 қазандағы № 24/208 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 24 қазанда № 4985 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шет аудандық мәслихатының 2020 жылғы 24 маусымдағы № 39/365 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шет аудандық мәслихатының 24.06.2020 № 39/365 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 543, 544, 545 баптарына және 546 бабының 3 тармағына сәйкес, аудандық мәслихат ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Шет аудандық мәслихатының 2018 жылғы 5 мамырдағы XXI сессиясының "Тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелерін белгілеу туралы" № 21/180 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4762 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің этолондық бақылау банкінде электрондық түрде 2018 жылғы 23 мамырда, 2018 жылдың 24 мамырында "Шет Шұғыласы" № 22 (10694) газетінде жарияланған), мынандай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімге қосымша осы шешімге қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Аудандық мәслихаттың хатшысы*

*А. Балғабек*

*Б. Төлеуқұлов*

Аудандық мәслихаттың  
2018 жылғы 4 қазандағы  
XXIV сессиясының  
шешіміне № 24/208 қосымша

Аудандық мәслихаттың  
2018 жылғы 5 мамырдағы  
XXI сессиясының  
№ 21/180 шешіміне

қосымша

--	--	--	--	--

№ р/с	Салық салу объектісінің атауы	Саны	Өлшем бірлігі	Тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелері
1	Бір ойыншы мен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	1	Айлық есептік көрсеткіш	5
2	Біреуден көп ойыншының қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	1	Айлық есептік көрсеткіш	7
3	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	1	Айлық есептік көрсеткіш	2
4	Ойын жолы	1	Айлық есептік көрсеткіш	50
5	Карт	1	Айлық есептік көрсеткіш	10
6	Бильярд үстелі	1	Айлық есептік көрсеткіш	10
7	Астана және Алматы қалаларын және арнайы аймақты қоспағанда, уәкілетті ұйымның елді мекенде орналасқан айырбастау пункті	1	Айлық есептік көрсеткіш	10